

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданы білім бөлімі» КММ жекеменшік мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсатында өтініштерін қарау үшін конкурстық комиссияның отырысының

Хаттамасы

№1

Бауыржан Момышұлы ауылы

«11» желтоқсан 2025 жыл.

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданы білім бөлімі» КММ жекеменшік мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсатында өтініштерін қарау үшін конкурстық комиссияның отырысы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданы білім бөлімі» КММ базасында өтті.

«Жамбыл облысы әкімінің білім басқармасы Жуалы ауданы білім бөлімінің 02 желтоқсан 2025 жылғы №1076 бұйрығымен комиссия мүшелері бекітілді.

Комиссия құрамы:

- 1) Шертаева Бакыт Рахымжановна - «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданы білім бөлімі» КММ басшысы, комиссия төрайымы.
 - 2) Саякова Ләззат Әлімжанқызы- бөлімнің бас экономисті, комиссия мүшесі;
 - 3) Қаңтарбаева Ақбота Меербекқызы- Жуалы ауданы «Аула» клубының директоры (келісім бойынша), комиссия мүшесі;
 - 4) Койбаков Серик Дуйсенбаевич- Жуалы ауданы мәслихаты аппаратының басшысы (келісім бойынша), комиссия мүшесі;
 - 5) Дауренова Зейнеп Абдимажитовна- «AMANAT» партиясы Жуалы аудандық филиалының кеңесшісі (келісім бойынша), комиссия мүшесі;
 - 6) Айжанов Мажит Мамытович -«Жамбыл» облысы білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы» Жуалы аудандық комитетінің төрағасы (келісім бойынша), комиссия мүшесі;
 - 7) Нұрбеков Ербол Ералыұлы - Жуалы ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысының м.у.а.(келісім бойынша), комиссия мүшесі;
- Хатшы: Маденова Гүлмира Адамбековна - бөлімнің сектор меңгерушісі;

Комиссия отырысына қатысқан мүшелері:

- 1) Айжанов Мажит Мамытович- комиссия мүшесі,
- 2) Койбаков Серик Дуйсенбаевич - комиссия мүшесі,
- 3) Саякова Ләззат Әлімжанқызы- комиссия мүшесі,
- 4) Қаңтарбаева Ақбота Меербекқызы- комиссия мүшесі,
- 5) Нұрбеков Ербол Ералыұлы - комиссия мүшесі,
- 6) Дауренова Зейнеп Абдимажитовна - комиссия мүшесі.

Комиссия отырысына қатыспаған мүшелері:

- 1) Шертаева Бакыт Рахымжановна - комиссия төрайымы,

Хатшы: Маденова Гүлмира Адамбековна - бөлімнің сектор меңгерушісі;

Күн тәртібі:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру

тапсырысын орналастыру мақсатында жарияланған конкурсқа қатысушы жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың құжаттарының конкурс талаптарына сәйкестігін анықтау.

Комиссияның отырысында Маденова Гульмира Адамбековна комиссия құрамын бекіту бұйрығын таныстырды. Конкурстық комиссия отырысына комиссия мүшелері толық қатысты, комиссия төрайымы Б.Р.Шертаева аудандық әйелдер-аналар форумына қатысуына байланысты, конкурстық комиссияға қатыспады. Конкурстық комиссия мүшелері толық қатысуына байланысты конкурсты өткізуге негіз бар.

Конкурстық комиссия мүшесі М.М.Айжанов конкурс отырысын ашты.

«Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларды қосымша білім беруге мемлекеттік білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №381 бұйрығына сәйкес конкурс Жуалы аудандық білім бөлімінің ресми сайтында 2025 жылдың 03 желтоқсан күні жарияланып, конкурсқа қатысу шарттары көрсетілді. Хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 күнтізбелік күн аралығында конкурсқа 2 мектепке дейінгі ұйым, «Жуалы-Балажан» бөбекжай балабақшасы мен «Асем-Достар» бөбекжай балабақшалары құжат өткізді. Комиссия мүшелерінің тарапынан әлеуетті қызмет берушілердің қатысуымен алғашқы болып «Жуалы Балажан» бөбекжай балабақшасының құжаттары қаралды.

«Жуалы-Балажан» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 14-тармаққа сәйкес ұсынған құжаттары:

- 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) мектепке дейінгі ұйым басшысының қолымен және мөрімен расталған бейнебақылау камераларының, дабыл түймешесінің және дауыстық хабарландырудың бар болуы жөнінде ақпарат;
- 3) Санитариялық қағидаларға сәйкес тәрбиеленушілерді (сыйымдылығы үш топқа дейін болған кезде) медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға арналған бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету аумақтық ұйымымен шарт;
- 4) штаттық кестенің және педагогикалық немесе бейіндік білімі бар педагогтердің белгіленген үлгідегі білім туралы құжаттарының көшірмелері;
- 5) ғимаратты/үй-жайды жалдау шартының көшірмесі (бар болса). Комиссия мүшелері ұсынылған құжаттарды қарап, мектепке дейінгі ұйым басшысының қолымен және мөрімен расталған бейнебақылау камераларының, дабыл түймешесінің және дауыстық хабарландырудың бар болуы жөнінде ақпаратқа сәйкес келісім шарттарын сұрады. Ұсынылған құжаттар негізінде 15-тармақ құжаттарын комиссия мүшелері тексеру жүргізіп, құжаттардың аясында қағиданың сәйкестігін айқындау үшін мектепке дейінгі ұйымға баруда келісім шарттарды ұсынуды сұрады.

Келесі кезекте «Асем-Достар» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 14-тармаққа сәйкес ұсынған құжаттары:

- 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) мектепке дейінгі ұйым басшысының қолымен және мөрімен расталған бейнебақылау камераларының, дабыл түймешесінің және дауыстық хабарландырудың бар болуы жөнінде ақпарат;
- 3) Санитариялық қағидаларға сәйкес тәрбиеленушілерді (сыйымдылығы үш топқа дейін болған кезде) медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға арналған бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету аумақтық ұйымымен шарт;
- 4) штаттық кестенің және педагогикалық немесе бейіндік білімі бар педагогтердің белгіленген үлгідегі білім туралы құжаттарының көшірмелері;
- 5) ғимаратты/үй-жайды жалдау шартының көшermесі (бар болса).

Комиссия мүшелері ұсынылған құжаттарды қарап, құжаттары толық ұсынылғанын, ұсынылған құжаттар негізінде 15-тармақ құжаттарын комиссия мүшелері тексеру жүргізіп, құжаттары толық сәйкестігін бір ауыздан мақұлдады.

Комиссия мүшелері келесі 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін айқындау үшін мектепке дейінгі ұйымдарға 22 желтоқсан 2025 жылы баруды жоспарлады.

ШЕШІМ етеді:

1. Мемлекеттік білім беру тапсырысын 20 орындық «Жуалы-Балажан» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұсынған құжаттары негізінде мектепке дейінгі ұйым басшысының қолымен және мөрімен расталған бейнебақылау камераларының, дабыл түймешесінің және дауыстық хабарландырудың бар болуы жөнінде ақпаратқа сәкес келісім шарттарын мектепке дейінгі ұйымға барғанда ұсынылсын және 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың сәйкестігін айқындау үшін мектепке дейінгі ұйымға баруды жүзеге асырсын.
2. Мемлекеттік білім беру тапсырысын 65 орындық «Асем Достар» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұсынған құжаттары негізінде 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың сәйкестігін айқындау үшін мектепке дейінгі ұйымға баруды жүзеге асырсын.
3. Нақты баратын күні 22.12.2025ж сағат 10:00-де деп бекітілсін.

Комиссия мүшелері:

- 1) Айжанов Мажит Мамытович- комиссия мүшесі _____
- 2) Койбаков Серик Дуйсенбаевич - комиссия мүшесі _____
- 3) Саякова Ләззат Әлімжанқызы- комиссия мүшесі _____
- 4) Қаңтарбаева Ақбота Меербекқызы- комиссия мүшесі _____
- 5) Нұрбеков Ербол Ералыұлы - комиссия мүшесі _____
- 6) Дауренова Зейнеп Абдимажитовна - комиссия мүшесі _____

Хатшы:

Magh

Г.Маденова